

5 Saganenko G.I., Stepanova E.I. *Telescope*, 4, SPb.: Telescope, 2004, p. 84.

6 Kuszhanova A.Zh. *Russian humanitarian Internet university*, 1998, [ER]. Access mode: [http://www.i-u.ru/biblio/archive/kusjanova\\_ist/](http://www.i-u.ru/biblio/archive/kusjanova_ist/)

ӘОЖ 81' 243 (574)

А.С.Жантуғанова, Р.К.Ысқақова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: Riz-89@mail.ru)

## Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің дамуы

Мақалада ғалымдардың әлемдегі көптілділікті меңгеруде, алдына мақсат етіп қойған өзекті мәселелері қарастырылған. Авторлар көптілді білім беру саласында және ақпаратты технология арқылы білім беруде көптеген мәселелерді зерттеген. Нақты ақпараттың дидактикалық құралы анықталып, соның ішінде көптілді білім берудегі маңызы көрсетілген. Көптілді білім беру — көпқырлы мәселе. Оның әр міндетін әр қырынан қарастыру біздің жоо ұжымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі болғандықтан, осы мақалада алдымызға қойылған мақсаттың орындалу жолдары айқындалды. Қазіргі таңда жас мамандардың білімділігін арттыруға ерекше назар аударылған.

*Кілт сөздер:* көптілділік, тілдік фактор, планетарлық, коммуникативтік, шет тілі, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік технологиялар, лингафондық құрал-жабдықтар, электрондық оқулық, этникалық диаспора.

Көптілділік — заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Қазақ: «Ауруын жасырған өледі», — деп бекер айтпаған. Басқа шетелдік мемлекеттердің алдында абырой-атақ жинап, жақсы ат алуға ұмтылып: «Біз — көпұлттымыз», — деп әр бұрыштан ұрандағаннан гөрі, ел халқының бәрінің басын біріктіріп, жалпы мүддеге жұмылдыратындай ортақ құндылықтарға арқа сүйеу қажет сынды. Ондай құндылықтар қатарына төмендегі жәдігерлерді жатқызуға болар еді [1, 2]. Солардың біріншісі — тілдік фактор. Бұған әлемдік тәжірибеден сандаған мысалдарды келтіруге болады. Мәселен, көпұлттылық және көпдінділік жөнінен Қазақстанмен өте ұқсас Үндістанда хинди тілі ұлттық тіл саналады. Оның сыртында бұл елде тағы да 17 негізгі тіл бар. Мысалы, Бенгал штатында негізгі тіл бенгал тілі болса, Пенджаб штатында — пенджаб тілі. Осылайша, ел аумағындағы 29 штатта 17 тіл мемлекеттік тіл мен 844 диалектикалық тіл адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарады. Соған қарамастан, Үндістанда жалғыз-ақ ұлт бар, ол — үндістер, қалғандары этникалық диаспора өкілдері [3] деген тұжырым қалыптасқан әрі мұны ел халқының бәрі заңды түрде мойындайды. Біз болсақ, «көпұлттымыз, көпдіндіміз, көптілдіміз» деуді мақтанға айналдырған сыңайлымыз. Жалпы, Үндістан біртұтас ел болғанымен, ондағы әр штаттың өз әліпбиі бар, сөздеріндегі айырмашылық та көп. Хиндиде сөйлеген адамды бенгалша сөйлейтін адамның түсінбеуі мүмкін. Сол себепті, бұрындары отаршылық кезінде үстемдік етіп, көп ұлттар мен ұлыстар үшін ортақ тіл қызметін атқарған ағылшын тілі үндістердің барлығын біріктіретін ортақ тіл болып отыр [3]. Ағылшын тілі бизнес тілі болғандықтан, үндістер бұл тілден бас тартпайды, керісінше, оны кеңінен қолдануға мүдделі. Дегенмен, ол тіл елдің негізгі мемлекеттік тілі саналатын хинди тілінің (оны ел халқының тек 45 пайызы ғана пайдаланады екен) орнын әсте алмастыра алмайды. Бұл ұстаным бізге үлгі боларлық қисын демеске амал жоқ. Сондай-ақ кәрі құрлық саналатын Еуропада да көп ұлт өкілдері өмір сүреді. Атап айтсақ, Түркияда 140-тан, Францияда 180-нен астам ұлт өкілдері өмір сүреді екен. Жалпы, Еуропа елдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, олардағы жағдай дәл осындай. Бірақ олардың біздің елден бір ерекшелігі, ондағылардың әрқайсысы көрпені өзіне қарай тартпай, қай елдің суын ішіп, отын оттаса, өздерін сол елдің байырғы тұрғындары саналатын ұлттың атауымен атап, сол елдің мемлекеттік тілінде сөйлеуді әдетке айналдырған.

Тіптен мына көршілеріміз Өзбекстанда да, Ресейде де, Түркіменстанда да осылай. Мұны олар өздерінің ұлттық беделін түсіретін абыройсыз іс-әрекет деп емес, қайта өздері өмір сүріп отырған елге құрмет деп санайды. Екінші фактор — дін. Бұл, негізінен, күллі араб елдеріне тән (мысалы, Сауд Арабиясында). Оларда мемлекеттік саясат ислам құндылықтарына сай құрылған. Мәселен, араб елдеріндегі билік тарапынан таратылатын ақпараттардың 90 пайыздан астамы осы дін тақырыбына арналады. Үшінші фактор — ұлттық фактор. Тек жергілікті ұлт өкілдерінен ғана тұратын елдерде (Армения мен Жапония сияқты) мемлекеттік саясат ұлттық мәдениет пен құндылықтарды басшылыққа ала отырып құрылады. Төртінші фактор — ұлттық патриотизм, азаматтық мақтаныш. Оның жарқын көрінісін АҚШ пен Израиль азаматтарының бойларынан байқауға болады. Олар қырым-қытайдан жиналып келіп жат жұрттың жерін басып алып, қазір сол жердің иесі саналатындықтарына қарамастан, қай жерде болса да кеуделерін қағып, «біз ұлы мемлекетпіз», «біз әлемдегі ең демократиялы елміз», «біздің ел — ең әділетті ел», «біз — өз еліміздің патриотымыз», деп, үйлерінің маңдайшасына өз елдерінің жалаушаларын іліп қоюды әдетке айналдырған. Олар үшін бұл — үлкен мақтаныш.

Қазақстан халқының басын осы факторлардың қайсысы біріктіріп отыр деген сауалға келсек, ауызға құм құйылып, амалсыз сөзден тосыларымыз анық. Неге, енді соның бәрін тәптіштеп жатпай-ақ, тек біреуіне ғана тоқталып көрелікші. Қазақстан халқын топтастыратын ең маңызды фактордың бірі мемлекеттік тіл десек, оның бүгінгі таңдағы хал-ахуалының сын көтермесі даусыз [4]. Бұл — қай жағынан алып қарасаңыз да, ел мүддесіне қайшы келетін жағдаят. ҚР «Тіл туралы» Заңының 4-бабында көрсетілген: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», — деп, қазақстандықтардың қазақ тілін білуін міндеттейтін осы тармақ күні кеше ғана көпшілік талқылауынан өтіп бекітілген «Ұлт бірлігі» доктринасында да көрініс тапқан. Бірақ, өкінішке қарай, заңмен бекітілген құжат пен істің арасы қабыспай жатыр, ең өкініштісі де осы.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі — мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады. Көптілді білім — көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады [5].

Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. Биылғы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында: «Көп ұлттылық пен көптілділік құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады», — деп атап көрсетті. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілімен қатар, ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою — бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Әлемдік білім беру іс-тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен. Бірақ қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан модельдерін енгізу — жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс. Енді аз-кем көптілді және билингвалды білім беру ұғымдарының мағынасы туралы тоқталып өтсек.

Ғылыми әдебиеттерде осы ұғымдарға көптеген анықтамалар берілген [6]. Олардың ішінде біздің тәжірибемізге ең сәйкес келетін нұсқалары төмендегідей болады: 1) көптілді білім беру — бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту; 2) билингвалды білім беру — оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану. Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол — Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Көптілді және билингвалды білім беруде оқу-тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;
- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;
- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;
- ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;
- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

Сонымен қатар қазіргі таңда жоо-да сапалы білім алудың бірден бір көзі әрі оқу белсенділігін арттыру үшін студенттерге көптеген жолдар қарастырылған. Көптілді білім беру және сыртқы академиялық ұтқырлық аясында шетелдік жоо-да оқу үшін студенттер мен магистранттарды халықаралық IELTS тестіне дайындау мақсатында тұрақты түрде курстар ұйымдастыру [6]. Білім алушылардың шет тілін меңгеру деңгейін анықтау және сол бойынша одан әрі оқыту. Магистрлік және докторлық диссертацияларды шет тілінде жазу және қорғау. Қазақ, орыс, шет тілі бойынша деңгейін анықтау үшін бағдарламаларды алу және пайдалану. Университет сайтының контентін қазақ және ағылшын тілдерінде кеңейту. Көптілді білім берудің материалдық-техникалық базасын дамыту. Көптілді білім беруде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Шет тілінде курстар мен бейіндік пәндер жүргізетін ПОҚ-на материалды ынталандыру жасау жүйесін құру. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру — бүгінгі күннің талабы. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ [7]. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің — мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты — өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс. Бір жағынан, мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатқан мәселе [7]. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыру — ең басты мәселелердің бірі. Орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми ақпарат алудағы желісін кеңейту негізгі тақырыбына айналды. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару — біздің қазіргі кездегі міндетіміз.

Қазіргі уақытта жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын қойып отыр. Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі — оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау. Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әр түрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған [7]. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио-, видеокешені оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедиабағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ, ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар студенттердің жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету.

Қазақстанның болашағы көптілді білім берумен қатар 12 жылдық білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыру мәселесі болып саналады [8]. Сондай-ақ 12 жылдық білім беру үлгісіне ауысу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауды талап етеді. Кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді, яғни, жаңаша білім беруде оқытушыларға қойылатын талаптар [8]. Сондықтан көптілді білім берудің мақсаты:

- әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту;
- әр оқушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау;
- әр түрлі деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың жобалары.

Осыдан күтілетін нәтиже — ол көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар. Оның салдарын барлығымыз сезініп отырмыз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар қайта қарастырылады. Себебі осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай емес. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілу керек. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді — қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына [8] Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізді деп айтар едік. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізуге бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады.

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді.

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып, телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және әдіснамалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады [9]. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасың, дәл, тиянақты оқу материалдарын алдын ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң, өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр.

Сонымен қатар мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай, үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде, уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Алайда ұмытпаған жөн: полимәдениетті тұлға қалыптастыру ұлттық мәдениетке орталықтандырылған аппарат бойынша жүргізілген дұрыс [9]. Яғни, лингвистикалық білім беруде *ана тілі — шетел тілі* формуласы тұрғысынан саралануы тиіс. Әлемдік

тенденцияның өзі соны көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» өзі мемлекеттік тіл — қазақ тілінің функционалдылығын арттыру үшін, өзге тілдерді осы мемлекеттік тілдің айналасына, аясына топтастыруды мақсат тұтқан. Өзге тілдерді қолдай отырып, мемлекеттік тілдің де дамуына серпін берілген.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

«Тілі бірдің — тілегі бір», «Тіл тағдыры — ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі — тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше, жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу басты міндетіміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Рахманов И.В.* Очерки по истории методики преподавания новых западно-европейских иностранных языков. — М.: Педагогика, 1980. — 315 с.
- 2 Основные направления в методике преподавания ИЯ в XIX–XX вв. / Под ред. И.В. Рахманова. — М.: Педагогика, 1972. — 320 с.
- 3 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — 15 қант. — 40–48-б.
- 4 *Ломакина И.С.* Изучение иностранных языков в ЕС в контексте политики мультилингвизма // Иностранные языки в школе. — 2008. — № 3. — С. 101–108.
- 5 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына» түсіндірме. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі // Қазақстан мектебі. — 2004. — 16–18-б.
- 6 ҚР «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. — 2004. — 16 қазан. — 3–7-б.
- 7 ҚР шетел тілінен білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. — 2005. — 34–41-б.
- 8 *Rakhmanov I.V.* Outline on stories of a technique of teaching modern West European foreign languages. — М.: Pedagogics, 1980. — 315 p.
- 9 *Warschauer Mark, Shetzer Heidi, Meloni Christine.* Internet for English Teaching. United States Department of State Office of English Language Programs. — Washington: DC 20547, 2002. — 177 p.

А.С.Жантуганова, Р.К.Искакова

#### Развитие полиязычного образования в Республике Казахстан

В статье рассмотрены некоторые проблемы многоязычия в мире, изучены точки зрения ряда ученых по данной проблеме. Авторами раскрываются основные особенности информационных технологий в полиязычной образовательной сфере; точно определены информационно-дидактические средства обучения, в связи с чем показана их значимость в полиязычном образовании. Отмечено, что двуязычное образование — многогранная проблема. Каждая из задач, стоящих перед сотрудниками высшего образования, отмечено авторами, требует своего решения в будущем. В настоящее время особое внимание необходимо уделить вопросу грамотности молодых специалистов.

A.S.Zhantuganova, R.K.Iskakova

## Development of multilingual education in Kazakhstan

This article deals with the research of the problem of multilingualism throughout the world, and also reviews the viewpoints of some researchers on multilingualism. And also disclosed the main features of innovative technology in polylingual educational sphere. The role of information technology in teaching a foreign language is determined by important documents of our country. In this article, clearly defined information and educational training tools. In this regard, revealed their great significance in polylingual education. Multilingual education - a multi-faceted problem. Each of its diversity processing challenges faced by our staff of higher education is one of the main purposes of this article, we set a goal, and implementation in the future. At the present time, increasing the literacy of young professionals, three issues of language learning

### References

- 1 Rakhmanov I.V. *Essay on the history of new methods of teaching Western European foreign languages*, Moscow: Pedagogika, 1980, 315 p.
- 2 The main directions in teaching methods IYA in XIX–XX centuries, Edit. by Rakhmanov, I.V., Moscow: Pedagogika, 1972, 320 p.
- 3 *Teacher*, 2004, January, 15, p. 40–48.
- 4 Lomakina I.S. *Foreign languages at school*, 2008, 3, p. 101–108.
- 5 *School of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan*, 2004, p. 16–18.
- 6 *Truth of the Law of Kazakhstan*, 2004, October, 16, p. 3–7.
- 7 *Kazakhstan's school*, 2005, p. 34–41.
- 8 Rakhmanov I.V. *Outline on stories of a technique of teaching modern West European foreign languages*, Moscow: Pedagogics, 1980, 315 p.
- 9 Warschauer Mark, Shetzer Heidi, Meloni Christine. *Internet for English Teaching. United States Department of State Office of English Language Programs*, Washington: DC 20547, 2002, 177 p.

УДК 378.147:811.161.1

С.К.Нурпеисова, Ж.А.Азимбаева

*Карагандинский государственный технический университет  
(E-mail: svetlana943865@gmail.com)*

### Внедрение полиязычного образования: опыт, проблемы и перспективы

В статье рассматриваются проблемы становления и развития полиязычного образования, механизм подготовки полиязычных кадров. Отмечено, что существуют трудности психологического и лингво-педагогического характера, связанные с индивидуальными особенностями субъектов образовательного процесса. Авторы рассматривают полиязычное образование как действенный инструмент подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира.

*Ключевые слова:* полиязычное образование, профессионально ориентированное обучение, языковые компетенции, многоязычие, поликультурность, языковая ситуация, языковая политика, полиязычная личность.

Угроза социальной нестабильности, возникающая в любом государстве из-за неподготовленности молодого поколения к жизни в условиях поликультурной среды, послужила во многих случаях стимулом к тому, чтобы возвести полиязычное образование в ранг государственной политики.

Современные исследования показывают, что распространение многоязычия в мире — закономерный процесс, обусловленный коренными изменениями в экономике, политике, культуре и образовании [1]. Целенаправленное, системное осмысление феномена многоязычного образования нача-